



**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық
қорғау органдары комитеті**

(Комитет)

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша Комитет отырысының

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Нұр-Сұлтан қ.

2022 ж. 12 сәуір

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі – Комитет) отырыста мемлекеттік органдар өкілдерінің ақпаратын тындап және талқылап, мынадай қорытындыға келді.

Құқықтық статистикаға сәйкес, алаяқтық ең көп таралған құқық бұзушылық болып табылады және барлық тіркелген қылмыстардың 26% құрайды. Бұл ретте алаяқтық үшін қылмыстар санатының арасында цифрлық ортада ұялы телефондар арқылы және интернет-кеңістікте (интернет-алаяқтық) жасалатын құқық бұзушылықтар көп. Бас прокуратураның деректері бойынша 2021 жылы интернет-алаяқтықтың 2,5 еседен (137%; 4250-ден 10097-ге дейін) өскені байқалды.

Киберқылмыс қазіргі жағдайда тергеу шекарасын, бір мемлекетте қабылданған алдын алу шараларын бұлдыратады және мұндай қылмыс трансшекаралық санатқа өтеді. Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушы зиянкестер заңды микроқаржылық ұйымдармен, букмекерлік кеңселермен, тұтыну кооперативтерімен және жабық инвестициялық пай қорларымен жасырылады. Осылайша, ақшаны онлайн-казино және қаржылық пирамидалар арқылы шетелге шығарады.

Уәкілетті органдар қаржы пирамидаларын тауып және анықтау бойынша жүргізген жұмыстардың нәтижесінде 2020-2022 жылдары 24 қаржы пирамидасы анықталды, 2 мыңнан астам жәбірленушіге 3,8 млрд.теңгеге залал келтірілді.

ҚР Бас прокуратурасымен «2022 жылға арналған алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс – қимыл бойынша бірлескен іс-шаралар кешені» Жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) әзірленді.

Жол картасында; ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту; заңнамалық процестерді және халықаралық ынтымақтастықты реттеу; ақпараттық сүйемелдеу, құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және тергеу тиімділігін арттыру бойынша ұйымдастырушылық және профилактикалық іс-шаралар көзделген.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша отырысты қорытындылай келе, Комитет **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігімен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Ішкі істер министрлігімен, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп:

– алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл саласындағы және киберқылмыспен күрес саласындағы халықаралық құжаттар мен стандарттардың талаптарын ескере отырып, заңнаманы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру;

– нақты терминологияны әзірлеу, киберкеңістіктегі құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен жауапкершілігін айқындау, киберкеңістіктегі құқық бұзушылық белгілерінің, процестік ерекшеліктерінің, оның ішінде киберкеңістіктегі ақпаратты сақтау және тарату тетіктері;

– алаяқтықпен және қаржы пирамидаларымен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, оның ішінде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және цифрлық ортада қауіпсіз жүріс-тұрыс бойынша Азаматтар үшін ұсынымдар әзірлеу бойынша тиімді шаралар қабылдау.

Орындау бойынша ақпарат беру мерзімі 2022 жылғы 1 маусымға дейін.

Комитет төрағасы

В. ВОЛКОВ